## 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшерін бекіту туралы

Маңғыстау облысы Түпқараған ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 5 ақпандағы № 26 қаулысы. Маңғыстау облысы Әділет департаментінде 2018 жылғы 21 ақпанда № 3530 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" және 2007 жылғы 27 шілдедегі "Білім туралы" Заңдарына сәйкес, Түпқараған ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Түпқараған ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері бекітілсін.

2. "Түпқараған аудандық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі (А.Утесбаева) осы қаулының әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, оның Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде және бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялануын, аудан әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түпқараған ауданы әкімінің орынбасары Т. Алтынгалиевке жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі* *Т. Асауов*

Түпқараған ауданы әкімдігінің
2018 жылғы "5" ақпан
№ 26
қаулысына қосымша

## Түпқараған ауданы бойынша 2018 жылға арналған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуға мемлекеттік білім беру тапсырысы, ата-ана төлемақысының мөлшері

| | | | | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | Мек теп ке дей інгі тәр | Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының тәрбиеленушілердің саны | | | | | | Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары ндағы бір айға арналған ата-ана төлемақысының мөлшері (теңге) | | | | | |
| | | | | | | Дер бес то | Дер бес | | | Мек теп жа | Мек теп жа | | Д е р б е с |

| № | бие жә не оқы ту ұйым да рын да ғы топ тар | Ба ла ба қ ша / ме мле кет тік / | Ба ла бақ ша /же ке мен шік / | Мек теп жа нын да ғы то лық күн бо ла тын ша ғын орта лық | Мек теп жа нын да ғы жар ты күн бо ла тын ша ғын орта лық | лық күн бо ла тын ша ғын орта лық | жар ты күн бо ла тын ша ғын орта лық | Бала бақша /мем лекеттік/ | Бала бақша /же ке ме н шік / | нын дағы тол ық күн бо ла тын ша ғын ор та лық | нын да ғы жар ты күн бо ла тын ша ғын орта лық | Дер бес то лық күн бо ла тын ша ғын орта лық | жар ты к ү н б о л а т ы н ш а ғ ы н о р т а л ы қ |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1-ден 3-ке дейі нгі топ тар | 50 | 225 | 50 | | 148 | | 3 жасқа дейін 9842,05 3 жас тан 7 жасқа дейін 11669,6 | 9842,05 11669,6 | 9842,05 11669,6 | | 9842,05 11669,6 | |
| 2 | 4-тен 5-ке дей інгі топ тар | 200 | 200 | | | | | 9842,05 11669,6 | 9842,05 11669,6 | | | | |
| 3 | 6-дан 7-ге де йінгі топ тар | 1120 | 140 | | | | | 9842,05 11669,6 | 9842,05 11669,6 | | | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК